Үшінші кезең - қазақ хандығы дәуіріндегі философия, ол XV-XVII ғасырлар аралығындағы тарихи кезеңді қамтиды. Оның өзіндік ерекшелігіне ең алдымен, қазақтардың этнос ретінде қалыптасуы, қазақ хандығының нығаюы жатады, сондықтан осы кезеңнен бастап біз нақтылы өзіндік қазақ философиясы туралы айта аламыз. Осы тарихи кезең философиясының келесі ерекшелігі, ол әлемдік философияға өзіндік сипат беріп тұрған «халықтық» философия сипатында болып, негізгі үш бағытта дамыды, ол: 1 / жыраулар философиясы, оның алғашқы негізін Қорқыт ата негіздесе, сол дәстүрді әрі қарай дамытқан Қазтуған /ХҮғ./, Доспамбет /ХҮІғ./, Шалкиіз /1465-1560/, Ақтамберді /1675-1768/, Тәттіқара /ХҮІІІ/, Үмбетай /1706-1778/, Бұқар /1668-1781/ сияқты ақын-жыраулар болды. 2 / билер философиясы, оның ең көрнекті өкілдеріне Төле би, Айтеке би, Қаз дауысты Қазыбек билер жатады, олар философияның ерекше түрі – шешендік философияны негіздеді; билердің шешендік философиясының өзіндік ерекшелігінің негізгісі / мысалы, батыстағы риторика, ораторлық философиядан / ол ерекше поэзия формасында дамып, орын алды; 3 / зар заман философиясы, оның негізін салған Шортанбай ақын /1818-1881/ деп айтуға болады. Оның «Зар заман» атты өлеңінде осы зар-заман философиясының негізгі идеялары, соның ішінде ел қамы, отаршылдыққа түсіп, қазақ хандығының өзінің саяси тәуелсіздігінен айырылуына байланысты зарлана айтқан ойлары. Профессор Ғ. Есімнің пікірі бойынша зар заман философиясы «отаршылыққа қарсы бағытталған тұңғыш саяси, рухани наразылық» болатын.

Төртінші кезең – XIX ғасыр философиясы, ол қазақ философиясының тарихында ағартушылық философия ретінде мәлім. Оның көрнекті өкілдері Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин сияқты ойшыларымызды ерекше айтып өтуіміз керек. Ағартушылық философияда зар заман философиясы әрі қарай дамытылды, онда азаттық, тәуелсіздік идеялары орын алды. Осы тарихи кезеңде Абай философиясы ерекше орын алады және де оның философиясы кен ауқымды, Абай философиясын антропоцентристік, экзистенциалистік, гуманистік сипатта деп айтуға болады.

Бесінші кезең – ХХ ғасырдың 20-40 жылдарында қазақ философиясы. Осы тарихи кезеңдегі қазақтың саяси-әлеуметтік және философиялық көзқарастарының сарыны ең алдымен қазақтың ұлт-азаттық қозғалысымен тікелей байланысты болды. Көрнекті өкілдері А.Байтұрсынов, А.Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Жұмабаев, М. Шокай, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев және т.б. Осы кезеңдегі қазақ философиясы негізінен саяси философия тұрғысынан дамыды, оның негізгі мәселелері – тіл мәселесі, бостандық, тәуелсіздік және т.б.

Алтыншы кезең – совет дәуірендігі қазақ философиясы – ол ХХ ғасырдың 50-60 жылдарымен 90 жылдарға дейінгі тарихи кезеңдерді қамтыды. Осы тарихи кезеңде қазақ философиясы көп жағдайда өзіндік ұлттық ерекшеліктерінен айрылып, советтік империя құрамында болған көптеген этностардың философиялары сияқты «унификацияланды немесе біртекті философиялық жүйеге айналды. Дегенмен, тек қана ссылай баға беру, ол біржақты көзқарас болып табылады. Себебі осы тарихи кезеңде қазақ философиясы негізінен марксистік сипатта болып, сол марксистік-лениндік философия шеңберінде дамығандығына қарамастан, ол ең алдымен 50-ші жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың басында Қазақстанда кәсиби философияның қалыптасуы, оған себебші болған оқиға – ол 1958 ж. Қазақстан Ғылым Академиясының құрамында Философия және Құқық институтының ашылуымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, осы мәселеге байланысты, ерекше айтатын нәрсе, кең тараған пікір бойынша, біздің кәсіптік философия ХХ ғасырдың 50-60 жылдарында қалыптасты деген біржақты пікір орын алды. Әрине, нақтылы өзіндік қазақ философиясына байланысты солай деп айтудың негізі бар шығар. Дегенмен, ІХ-ХV ғасырлардағы түрік тілдес халықтардың философиясын алатын болсақ, онда философиялық ой-толғаныстар жазба текст түрінде болды және де сол тарихи кезеңде еркін ойшылдықпен қатар кәсіби философия да болды деп айта аламыз. Және де ол жай кәсиби философия емес, әлемдік философияда ерекше орны бар, оның даму барысына өте үлкен әсер еткен кәсиби философия, оның ең көрнекті өкілдерінің бірі – біздің жерлесіміз, отандасымыз, кезінде Аристотельден кейін «екінші ұстаз» атағын

алған ұлы философ әл-Фараби. Осы қарастырылып отырған тарихи кезеңге оралатын болсақ, қазақ философиясының даму барысындағы келесі жетістік, ол тотолитарлық жүйе шеңберінде дамып отырғандығына қарамастан академик Абильдин Ж.М. бастаған дүниежүзіне мәлім бола бастаған философиялық ағым немесе мектеп қалыптасты. Олар жалпы таным теориясы, таным диалектикасы мен логика мәселелерімен шұғылданып, кәсіптік философиялық білімнің жоғарғы деңгейіне көтеріле алды.

Совет империясы кезінде қазақтың кәсіптік философиясының келесі елеулі жетістігі деп айтуға болады, ол Қазақстандағы 70-ші жылдары басталған әл-Фарабидің шығармашылық мұрасын жүйелі түрде зертеуді қолға алу. Оны іске асырған қазақ философиясының осы заманының ұлы философы профессор А.Х. Қасымжановты ерекше атып өту керек.

Жетінші кезең – қазіргі заман философиясы, ол ең алдымен Қазақстанның Советтік империядан бөлініп шығып, тәуелсіздік алып, жеке өз бетінше мемлекет құруымен тікілей байланысты. Осы тарихи кезең XX ғасырдың аяғы (90жылдар) және XXI ғасырдың басын қамтиды. Осы тарихи кезеңнің өзіндік ерекшелігі ең алдымен марксизм-ленинизм догмаларынан арылу, өзіндік қазақ ұлттық философиясын қалпына келтіру, осыған орай қазіргі кезде жаңа философиялық пән қалыптасуда – ол қазақ философия тарихи. Қазақ философиясы осындай ұзақ тарихи даму кезінен өтті. Осы қазақ философия тарихын жеке ғылым ретінде негіздеуде біздің Ғ. Есім, А.Н. Нысанбаев, А.К. Касабек, М.С. Орынбеков, Н.Ж. Байтенова сияқты профессорларымызды ерекше атап өту керек. Қазақ философиясы осындай ұзақ тарихи даму кезінен өтті.

Қазақ философиясының жалпы өзіндік ерекшелігі туралы айтқанда, ең алдымен оның персоналистік сипатта болғанын атап өту керек. Егер де антика және жалпы батыс еуропалық философия әрі философиялық мектептер, әрі жеке ойшылардың шығармашылық еңбектерінің нәтижесінде дамып отырса, ежелгі үнді философиясы тек қана философиялық мектептер арқылы дамып отырды. Ал қазақ философиясына келетік болсақ, ол негізінен жеке ойшылдарның шығармашылық еңбектерінің нәтижесінде дамып отырды. Қазақ философиясына өзіндік

ерекшелік беріп тұрған келесі нәрсе, негізінен ол кәсіпқой философтардың емес, ойшылдардың шығармашылығында, өлең-жырларда дамытылды, бізде жазба түріндегі классикалық философиялық жүйелер, текстер жоқтың қасы, өте аз.

Қазақ философиясына сипаттама берген кезде, оны антропоцентристік сипатта деп айтуға болады. Жалпы шығыс философиясы, соның ішінде қазақ философиясының да ортақ мәселесі және де соның ішінде шығыс дүниесінде кең тараған ілім – әлеуметтік идеал, жан-жақты жетілген адам мәселесі. Бұл мәселе көне қазақ философиясынан бастап бүгінгі күн философиясына дейінгі кезеңнің орталық мәселесі болып табылады. Бұл мәселе неғұрлым жинақталған түрде әл-Фараби, суфизм, /яссауизм/, Абай философиясында кең орын алған. Егер де әл-Фараби үшін жан-жақты жетілген адам дегеніміз парасатты, ақылды, адамгершілігі мол, білімді, ал суфизм, соның ішінде яссауизм үшін ондай адам өзінің ішкі рухани дүниесіне үнілген, бар болмысы өзін жетілдіру арқылы құдаймен жақындасу, субхаттасу, өзінің Аллаға деген шексіз сүйіспеншілігін, махаббатын жеткізу. Осы ілім неғұрлым жан-жақты Абайдың «толық адам» ілімінде негізделген. Жалпы Абай философиясының орталық идеясы «Адам болсаң, ол өзінің бүкіл болмысын, өлеңдерін, қара сөздерін, жалпы философиялық ой-толғаныстарын адамның дүниеге адам болып келгендіктен, осы адамдық қасиеттерін жоғалтып алмай, адам атына кір келтірмей адамша өмір сүру мәселелерін қояды. Осы мәселелерге байланысты қазақ философиясын этикалық, адамгершілік сипатта болды деп айтуға болады. Жалпы мораль философиясы қазақ философия тарихында өте маңызды орын алады.

Батыс еуропалық философияда экзистенциализм философиялық ағым ретінде ХХ ғасырда ғана қалыптасса, қазақ философиясының бар болмысы экзистенциалистік сипатта болған. Өмірдің мәні, өмір мен өлім мәселесі, «жалған өмірдің, оның өткіншілігі туралы мәселелер әр уақытта да қазақ философиясының назарынан тыс қалмаған, ол әсіресе Қорқыт ата, Абай, Шәкәрім, Мағжан Жұмабаев сияқты ойшылдардың шығармашылықтарында елеулі орын алады. Жалпы қазақ философиясын - «өмір сүру философиясы» деп қарауға толықтай негіз бар.

Қазақ философиясының келесі ерекшелігі ол негізінен араб-мұсылман философиясы шеңберінде дамығандықтан, рационалистік сипатта болып, адам өміріндегі ақыл-ойдың, парасаттылық пен білімділіктің ролін аса жоғары бағалады. Оларға әл-Фараби, Абайды жатқызуға болады. Бірақ қазақ философиясын тек рационализммен шектеу ол біржақты көзқарас болар еді, себебі қазақ философиясында рационализммен қатар иррационализм, мистика да орын алған. Қазақ философиясында иррационализм, мистикалық философия суфизмде айқын көрінеді. Егер де Ж. Баласағұн философиясында алғашқы әсері байқалса, неғұрлым жоғары көрінісі суфизмнің Қазақстандағы тармағы яссауизм немесе Қожа Ахмет Яссауи философиясында айқын көрінеді. Бірақ, Яссауи философиясы суфистік философия ретінде қазақ философиясында кең етек жаймаған, ол таза логикалық түрде емес, негізінен поэзия арқылы тараған.

Қазақ философиясына өзіндік мән-мағына беріп тұрған билер немесе шешендер философиясы. Билердің ойлау тәсілі, сол ойды сөз арқылы жеткізуі ерекше. Батыстың шешендік философиясынан негізгі айырмашылығы қазақ философиясы астарлап сөйлеуге негізделген, ол түсінуді және түсіндіруді талап етеді, ал бұл қазақ философиясының герменевтикалық сипатта екендігіне дәлел бола алады. Сонымен қатар, суфизм, билер, жыраулар өз ойларын өлең, поэзия арқылы жеткізіп отырғандықтан, қазақ философиясын поэзия философиясы деп те атауға болады.

Қазақ философиясын қарастырғанда оның ағартушылық сипатын да атап өту керек. Бірақ, ескертетін нәрсе, Ғ. Есімнің пікірі бойынша біріншіден, ағартушылық тек ХІХ және ХХ ғасырдың басында қалыптасқан философиялық жүйелерге тән, екіншіден, егер ХІХ ғасырдағы ағартушылық Қазақстанның Ресей империясына тәуелді болуына байланысты болса, ХХ ғасырдың 20-40 жылдардағы ағартушылық, ұлт-азаттық қозғалыс, халықтың ұлттық сана-сезімін ояту, тәуелсіздік алып, жеке мемлекет құру, тым болмаса қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оны мемлекеттік тілге айналдыру, ұлттық мәдениетті көтеру тұрғысынан дамытылды. Егер ХІХ ғасырдың қазақ ағартушыларына Ш. Уәлиханов пен Ы. Алтынсаринді жатқызсақ, ХХ ғасырдың басындағы кезеннің ағартушыларына А. Бөкейханов,

А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов сияқты ойшылдарымызды жатқызуға болады. Бір жағынан қазақ ағартушылығы жалпы әлемдік ағартушылықтың бір түрі болып табылады, ол француз, неміс ағартушылары сияқты, қарапайым халық арасында білімді тарату, білімге табынушылық, білімнің қоғамдағы рөлін асыра бағалау. Сонымен қатар, қазақ ағартушылығының өзіндік ерекшеліктері де болды. Олар жоғарыда аталған нақтылы тарихи жағдайларға байланысты болды. Қазақстандағы ХІХ ғасырдағы ағартушылық көп жағдайда миссионерлік сипатта болды: орыс миссионерлері қазақ халқына білім беруді осы халықтың қамын ойлағандықтан емес, маңқұрттарды тәрбиелеу үшін, яғни өз тілін, дінін ұмыттыруға, өз саясатын мойындатуға бағытталған болатын. Өкінішке орай, бізде миссионерліктің теріс көріністері орын алды. Осындай ағартушылық саясатпен қатар, қазақ ағартушылары Ш. Уәлиханов пен Ү. Алтынсарин халық мүддесін ойлап, орыс мәдениеті арқылы батыстың және жалпы адамзаттың рухани мәдениеті арқылы халықтың сауаттылығын, білімділігін көтеріп, саяси және ұлттың санасын көтеруге болады деген сенімде болды. Ал ХХ ғасырдың ағартушыларының алдында біршама басқа мақсат тұрды. Сол кездегі нақтылы тарихи жағдайға байланысты, Ресей империясының құлауына байланысты жеке мемлекет құру, өз тәуелсіздігін орнатып, тілін, дінін, мәдениетін, әдеп-ғұрып пен салт-дәстүрлерді қалпына келтіру мүмкіндігі пайда болды. Сондықтан, осы тарихи кезеңдегі қазақ ағартушылары А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай сияқты қазақ зиялылары халықтың ұлттық және саяси сана-сезім оятуға өздерінің барлық күш-жігерін жұмсады.

Келесі, ерекше назар аударатын мәселе, қандай да болмасын ұлттық философияның дамығандығының көрсеткіші болып оның өзіндік философиялық ұғымдар жүйесінің, категориялық аппараттың қалыптасуы негіз бола алады. Бүгінгі күнде мәлім деректерге арқа сүйейтін болсақ, өзіндік философиялық ұғымдардың қалыптасуының ұзақ тарихы бар екендігіне көз жеткізуге болады. Кезінде Дешт қыпшақ мемлекетінің қалыптасуына байланысты профессор М.С. Орынбеков пікірі бойынша

қыпшақ мемлекетімен қарым қатынасқа түсу үшін қыпшақ сөздіктері құрастырылған екен, солардың ішінде бізге жеткені «Кодекс комманикус». Ол шамамен 1207 ж. басылып шыққан екен, онда халқымыздың дүниетанымын бейнелейтін негізгі ұғымдар қалыптасқан. Келесі елеулі оқиға – ол 1626 ж. поляк, армян, қыпшақ тілдерінде Андрей Торосовичтің құрастырған «Философиялық тастың құпиясың атты трактаты табылғанын зерттеуші-ғалым А.Н. Гаркавец айтқан. Онда көптеген антика және араб мұсылман философтарының еңбектерінен үзінді келтірілген, осы еңбектің құндылығы оның қыпшақ тілінде аударылуында. Ал бұл сол кездің өзінде қыпшақ тілінде философиялық ұғымдардың жеткілікті түрде дамығандығына дәлел бола алады. Осы қарастырылып отырған мәселеге өз үлесін қосқан М. Қашқари болып табылады. Ол өзінің «Диуани лұғат ат-түрік» деген атақты еңбегінде түрік мәдениетінің өзіндік болмысын бейнелейтін өзіндік категориялар жүйесін негіздеді. Жалпы қазақ философиясы тарихының даму барысында ұлттық философиялық ұғымдар жүйесі дамып жетілдіріп отырды деп айтуға болады. Оларға Тәңір, Тағдыр, Ел, Жұрт, адам-кісі-пенде, намыс, ар-ұждан, дүние сияқты философиялық ұғымдары жатқызуға болады. Абайды зерттеуші профессор Ғ. Есімнің пікірі бойынша Абай философиясындағы ұғымдар мен түсініктер 200-ден асады және олар қазақ философиясының ғылыми терминдері міндетті атқара алады.

Әрине, қазақтың өзіндік философиялық ұғымдар жүйесінің дамып жетілуіне, оның басқа халықтармен мәдени байланыстықта болғаны негіз болды. Осы тұрғыдан алғанда, әсіресе суфистік араб-парсы философиясының әсері өте зор болды, соның нәтижесінде өте жиі пайдаланылатын ортақ философиялық ұғымдар қалыптасты: ақыл, ахуал, ақиқат, әлем, зат (субстанция), тәрбие, парыз, тәуекел т.б.

Бірақ, өкінішке орай, орыстану саясатының негізінде қазақ тілі, жалпы мәдениеті құрып кетудің аз-ақ алдында қалды, неше ғасырлар бойы қазақ тілі мемлекеттік тіл статусынан ғана айырылып қалған жоқ, ол сонымен қатар ғылыми, соның ішінде философиялық ұғымдарды дамытып байытатын тіл болудан қалды. Қазіргі кезде біздің алдымызда тұрған негізгі мақсат осы

уақытқа дейін дамытылған ұлттық философиялық ұғымдар жүйесін қалпына келтіру және жаңа заманға сай байытылған жаңа философиялық ұғымдар жүйесін дамыту мәселесі тұр.

**Қазақ философия тарихының негізгі даму тенденциялары және өзіндік ерекшеліктері // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 20-том. – 181 б.**

### **Қазақстандағы қазіргі діни жағдай**

Тәуелсіздік жылдары азаматтық қоғамның және нарықтық экономиканың құрылуымен ғана емес, сондай-ақ діни серпілістің жүруімен де сипатталады: дәстүрлі діни бірлестіктер ұстанымдарының күшеюімен бірге қазіргі Қазақстан үшін беймәлім, жаңа «дәстүрлі емес» діни ұйымдар пайда болды.

Атап айтар болсақ, пресветериандық және методизм, протестанттық конфессиялар, сондай-ақ «Агапе» «Жаңа аспан» сияқты протестанттық шіркеулер, «Бахаи» «Сайтан шіркеуі», «Саентология шіркеуі» сияқты діни бірлестіктер көріне бастады.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы. Кейбір деректер бойынша, 1989 жылғы 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. Олардың арасында 1652 исламдық, соның ішінде 1642 суниттік, 2 шииттік, 2 сопылық, 4 ахмадия ағымдары бар. Бұған қоса Қазақстанның аумағында православиелік шіркеуге жататын 241 діни бірлестік (олардың 230-ы Орыс православие шіркеуіне қарайды), 7 старообрядтық шіркеу, римдік-католиктік шіркеуінің 77 бірлестігі, бірқатар протестанттық бірлестік жұмыс істейді. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахаи, 2 трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырлас-тықтың 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі қауымы және т.б.

Еліміздің негізгі діни қауымы суниттік ислам және христиандықтың православиелік бағыттары. Елімізде 1700-ге жуық мұсылман бірлестіктері бар. Оның басым көпшілігі суниттік бағыттағы бірлестіктер. Орыс православие шіркеуінің үш

епархиясына 214 приход, 8 монастыр және басқа шіркеулік құрылымдар тиесілі. Орыс православие шіркеуі приходтар санының өсуіне және материалдық тұрғыдан нығаюына күшжігерін жұмсауда. Еліміздің бірнеше қаласында православиелік ғибаатханалардың құрылысы жүріп жатыр.

Кейінгі уақытта католик, протестанттық және дәстүрлі емес діни құрылымдар өз қызметтерін белсенді түрде жүргізуде. «Иегова куәлары» бірлестігінің миссионерлік қызметі ерекше қарқын алуда. «Иегово куәлары» Қазақстандағы саны жағынан өсіп келе жатқан конфессия болып отыр. Оның діни орталығы Есік қаласында орналасқан, 70-тен астам діни бірлестіктері әділет органдарында ресми тіркелген және 30-дан аса жергілікті қауымдары бар, оны ұстанатын адамдар 20 мыңға жуық.

1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастық 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктіреді.

Сонымен қатар елімізде протестантизмнің жаңа апостолдық шіркеуі, елушілер (пятидесятничество), методизм, меннонизм, пресветерианство сынды ағымдары таралуда. Пятидесятничество ХХ ғасырдың басында АҚШ-та құрылған. Бұл ағымның ең ірі қауымдары Қарағанды және Алматы қалаларында орналасқан. Апостолдар рухындағы евангелшіл христиандар өз жұмысын белсенді жүргізуде. Қазіргі кезде 3 мыңға жуық адамды біріктіретін 40-қа жуық қауымдар бар. Пресветериандық ағымы елімізде америкалық, корейлік уағыздаушылардың миссионерлік қызметі нәтижесінде таралып жатыр. Бұл уағызшыларға шет елдегі діни орталықтар көмек көрсетуде. Елімізде 20-дан аса пресветериан бірлестіктері бар. «Грэйс-Благодать», «Бірінші пресветериан шіркеуі.» «Алматы аймақтық пресветериан шіркеуі» бірлестіктері белгілі болып отыр.

Жетінші күн адвентистері қауымының республикалық орталығы Жетінші күн христиан-адвентистерінің Солтүстік Қазақстан конференциясы Астана қаласында. Ұйымдық жағынан бұл бірлестік Алматы қаласында орналасқан Жетінші күн адвентистерінің Оңтүстік одағына кіреді. Евангелшіл бағыт елімізде

негізінен неміс этносының арасында таралған. Елімізде лютерандық 70-тен аса діни қауым бар.

Евангелшіл христиан-баптистердің қауымдары 10 мыңнан аса сенушілерді біріктіреді. Евангелшіл-христиан баптистер Қазақстан евангелшіл христиан-баптистері шіркеулерінің одағын құрды. Бірлестіктің орталығы Қарағанды облысының Саран қаласында. Евангелшіл-христиан баптистердің 250-ден аса қауымдары мен топтары бар. Евангелистер 2010 жылға дейін Қазақстан мен Орталық Азия елдерін евангелшілдендіру жоспарын басшылыққа алуда.

Шет елдік миссионердің белсенді қызметі арқасында протестанттық ағымдардың харизматикалық қауымдары «Агапе», «Жаңа өмір», «Жаңа аспан», «Благая весть» және т.б. жұмыс істеуде. Елімізде дәстүрлі емес культтер қатары өсуде. Саентология шіркеуі АҚШ-та XX ғасырдың 50-ші жылдары пайда болды. Негізін салушы Лафайет Рон Хаббард (1911-1986). Ол өз ілімін «Дианетика: ақылды ойдың саулығы туралы бүгінгі заманғы ілім» атты еңбегінде қорытындылаған. Саентология шіркеуі діни бірлестігі Алматы, Қарағанды, Семей қалаларында ресми тіркелген. Саентология шіркеуі Ресей, АҚШ, Англия, Австралия елдеріндегі саентологиялық ұйымдармен тығыз байланыс орнатқан.

«Кришна санасы» қоғамы елімізде әрекет етіп отырған жаңа діни ағымдардың бірі. Индуизмнен тармақталатын «Кришна санасы халықаралық қоғамының» негізін салушы – Свами Прабхупада (1896-1977). Бұл діни ағым жастар арасында таралып жатыр. Дүниежүзілік христиандықты біріктіру жолындағы Қасиетті рух ассоциациясы (Бірігу шіркеуі) 1954 жылы құрылған. Негізін салушы – Сан Мен Мун. Бірігу шіркеуінің миссионерлері әлемнің 100-ден аса елінде қызмет етеді. Бұл шіркеудің түрлі бағыттағы ұйымдары бар. Бірігу шіркеуі елімізде 1992 жылдан жұмыс істейді.

Қазақстанда түрлі дәстүрлі емес культтар саны өсуде. Атап айтсақ, 1990 жылдары жаңа культтар саны 10-нан сәл асатын болса, қазіргі уақытта жаңа культтардың саны 160-тан асады. «Кришна санасы қоғамы», «Соңғы өсиет шіркеуі», «Жаңа аспан», «Жаңа өмір шіркеуі» сынды XX ғасырдың наным-

сенімдері үгіт-насихат жұмыстарын түрлі мерекелік және қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жүргізуде.

Қазақстанда экстремистік бағыттағы «Хизб-ут-тахрир» («Азат ету партиясы») ұйымының заңға қайшы әрекеттері жұртшылықтың наразылығын тудыруда. Хизб-ут-тахрирдің мақсаты — Ислам атын жамылып, дінаралық келісім мен үн қатысуға зиянын тигізіп, бейбіт өмір тыныштығын бұзу. Хизб-ут-тахрир Орталық Азия елдерінің мемлекеттік құрылысын мойындамайды және осы аймақта халифат құруды өздерінің мақсаты ретінде ұстанады. Аталған ұйым күресі идеологиялық күрес, идеологиялық төңкеріс, билікті өз қолдарына алу сынды үш бағытта жүргізіледі. Кейінгі жылдары мұсылмандар арасында жік салатын пікірлер мен ұстанымдар көрініс беруде. Діни фанатизм, лаңкестік, пікір төзімсіздігі ислам дініне жат.

Қазақстанда «әл-Каида», «Мұсылман бауырлар», «Талибан», «Лашкар», «Таиба», «Боз-құрт», «Өзбекстан ислам қозғалысы» және т.б. лаңкестік ұйымдардың қызметіне тыйым салынған.

Миссионерлік – діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты Африка және Азия халықтары арасында қарқындап, мақсатты түрде жүргізіліп отыр. Миссионерлік ұйымдарға бірқатар елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс жасайды. Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, ділі мен психологиясын зерттеп біліп барады.

Көптеген миссионерлер жергілікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Елімізде протестанттық және неопротестанттық шіркеулердің миссионерлік қызметтері халқымыздың діни бірлігі мен ынтымақты өміріне кері әсерін тигізеді.

Жұмыссыздар, өмірден өз орнын таппағандар, рухани ізденісте жүргендер, жеке басы және отбасындағы психологиялық қиындықтарға төзе алмағандар, Ислам дінін терең білмейтіндер, әсіресе жастар миссионерлердің үгіт-насихатына тез ілігеді.

«Жаңа» культтардың бірі – Бахаи сенімінің бастауында «Баб» («қакпа») деген лақап атымен белгілі болған Сейд Әли Мұхаммед тұр. Ол өзін пайғамбар деп жариялаған. Бабтың ілімін жүйелеп дамытқан, бахаи сенімін орнықтырып, діни ілімін негіздеген Мырза Хусейн Әли (Баха-Улла) болды. Бахаи сенімі құдайдың бірлігін, діни төзімділікті, туыстықты, барлық діндердің мақсат бірлігін уағыздайды.

Бахаи сенімінің ең жоғары ұйымы – дүниежүзілік әділдік үйі Израиль мемлекетінің Хайфа қаласында орналасқан. Бахаи сенімінің ұлттық рухани мәжілісі елімізде 1994 жылы тіркелген. Қазіргі уақытта бахаи сенімінің 80-нен аса қауымы бар. Кейбір деректер бойынша, пайда болғанына бір ғасыр шамасы болған Бахаи сенімінің бес миллионға жуық ұстанушылары бар. Қазақстан қоғамының рухани тұрғыдан жаңаруында дәстүрлі діндер маңызды рөл атқарады. Ислам, христиандық және иудей діндерінің жалпы адамзаттық және гуманистік құндылықтары ұлтаралық және конфессияаралық келісім мен татулықты орнықтырудағы маңызы ерекше. Олар қоғамымызда достықты, өзара құрмет пен түсінісушілікті нығайтуға қызмет етеді. Қазақ халқының мәдениеті мен руханиаты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі. Елімізге ислам діні күшпен емес, бейбіт жолмен енді.

Ислам құндылықтары мен ислам философиясын, ислам мәдениеті мен өнерін дамыту мен жаңарту ісіне қазақ халқы маңызды және зор үлес қосты. Ортағасырлық мұсылмандық философиялық ойының қалыптасуы мен дамуына қуатты серпіліс берген қазақ даласының ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұни және басқаларының мұралары ислам өркениетінің асыл қазынасы.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ождан бостандығы мен діни бостандықтың қағидаттары, әртүрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құрудағы теңқұқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы қағидаттар бекітілген. Сондай-ақ діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-

құқықтық негіздер бар. Соған қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Осындай белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа үрдістерге байланысты анық та айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың пайда болуына байланысты. Мұндай әсірешіл нышандар діни фундаментализм мен діни экстремизм ретінде көрініс табуы мүмкін.

Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына байланысты, ресми идеология дінге мейлінше бейтарап қарайды: ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Қазіргі Қазақстандағы діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттерден түбірінен өзгеше.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім көпұлтты, көптілді және көпконфессиялы Қазақстан үшін күрделі мәселе. Бүгінде Қазақстан әлемге бүкіләлемдік діни-рухани форумның орталығы есебінде де таныс. Оған әлемдік және дәстүрлі діндердің басшылары анағұрлым маңызды заманауи діни мәселелерді шешу үшін жиналады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының бірінші съезінде еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше атап өтіліп, конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі қағидаттары айқындалды. Олар: толеранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың да негізін құрайды. Бұл туралы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында былай делінген: «Біз барлық діндердің тең құқылығына кепілдік береміз және Қазақстанда конфессияаралық келісімді қамтамасыз етеміз».

Дін біріктірудің, интеграциялық үдерістердің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен қағидаттарды, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз.

Айта кету керек, Қазақстан діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім ісінде игі дәстүрлерге ие. Қазақстан көне заманнан бері саналуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық (оның әсіресе несториандық және яковиттік тармақтары) және ислам сияқты әртүрлі нанымдар бейбіт қатар өмір сүрген, яғни толеранттылық пен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап айтқанындай: «...бізге төзімсіздік немесе діни фанатизм жат. Бұл рухани дәстүр, бұл қандай шеңберде болмасын Құдайдың Сөзіне деген ашықтық. Бұл – Қазақстандағы конфессияаралық келісімнің ең маңызды негіздерінің бірі. Біз әлемге өзіміздің толеранттығымызбен, ұлтаралық, конфессияаралық келісім мен диалогты сақтауымызбен танылдык. Біздің еліміздің өскелең дүниетанымдық әлеуеті бұдан әрі қарай да сақталуға, дамуға тиіс».

**Қазақстандағы қазіргі діни жағдай // «Әлеуметтік және экономикалық дамудағы діннің рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. - Алматы, 2009. – 104-109 б.**

### **Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесі**

Жан-жақты жетілген адам мәселесі бүгінгі күн тұрғысынан алып қарағанда өзінің маңыздылығын жоймаған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары біздің елімізде, жалпы дүниежүзіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты бұрынғы құндылықтар өзінің мән-мағынасын жойса, жаңа құндылықтар әлі бой көтере алған жоқ. Тек саяси-әлеуметтік немесе экономикалық емес, рухани өмір тұрғысынан да қазіргі жағдайда өмір сүріп жатқан біздің еліміз үшін бүгінгі күн талабына сәйкес келетін жан-жақты жетілген адамды, немесе ұлы Абай айтқандай «Толық адамды» тәрбиелеу қазіргі Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Адамның бүкіл жануарлар дүниесінен негізгі ерекшелігі – адам өзінің бүкіл өмірінің барысында өзін-өзі жетілдіріп отыру

керек. Ал, жануарлар тек қана өзін қоршаған табиғи ортаға бейімделумен ғана шектеледі. Өкінішке орай адамдардың көпшілігі күнделікті өзгеріп отырған саяси, әлеуметтік, экономикалық және рухани жағдайларға жалпы әлеуметтік ортаға бейімделумен шектеледі. Ал бұл адамның адам ретінде қалыптасуына, өзінің бойында адамдық, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына жол бермей, оның пенде қалпында қалуына негіз болып, адамның бүгінгі күн талабына жауап бере алмағандықтан, жеке адам мен дүниенің арасында терең қарама-қайшылықтардың тууына негіз болады.

Әлеуметтік идеал, жан-жақты жетілген адам мәселесі, әсіресе Шығыс философиясында терең түп-тамыры бар және кең тараған философиялық ілім. Осы ілімдерге терең философиялық талдау жасап, осы ілімдермен көпшілікті таныстыру, оның тиімді жақтарын қазіргі заманның жан-жақты жетілген адамын тәрбиелеуге кеңінен пайдаланудың бүгінгі күнде әрі теориялық, әрі тәжірбиелік маңызы бар деп айтуға болады.

Адам туралы алғашқы көзқарастар Ежелгі Шығыс дүниесінде қалыптасты. Ежелгі Үнді философиясында адам мәселесі Веды әдебиетінде, соның ішінде Упанишады текстінде кездеседі. Онда ең алдымен әдептілік жағынан өзін-өзі жетілдіру, осы дүниедегі қайғы қасіреттен құтылу жолдары туралы қарастырылады. Ежелгі Үнді философиясында осы дүниенің әсерінен қаншама құтыла алғанына байланысты адам жетілген болып есептеледі. Осы дүниенің әсерінен құтылу дегеніміз – жеке адам жанының (атманның) дүниежүзілік жанмен (брахманмен) қосылуы. Ежелгі Үнді философиясында – буддизмде – жан-жақты жетілген адамның жеке бастық моделі негізделеді. Буддизм адамның жетілуінің психологиялық жағына, оның ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөлді. Буддизмде негізделген жан-жақты жетілген адам ілімі бойынша осы дүниеден безген, өзінің ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөлген адамды «жетілген адам» деп қарады.

Ежелгі Қытай философиясында да «жан-жақты жетілген адам» мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл ең алымен сол кездегі Қытай қоғамындағы нақтылы тарихи жағдайға тікелей байланысты болды. Біздің эрамызға дейінгі XII-III ғасырларда

ежелгі Қытай қоғамы өтпелі дәуір жағдайында өмір сүргендіктен, саяси-әлеуметтік тұрақсыздық бүкіл дүниенің күйрегені сияқты болып көрінді. Осындай тарихи жағдайда «аспан астындағы» тәртіпті реттейтін «жан-жақты жетілген адамның», әлеуметтік идеяның жаңа моделін негіздеу қажеттілігі туды. Осындай ілімінің бірін негіздеген Қытайдың ұлы философы Конфуций болды. Ол адам мен социум арасындағы қарым-қатынастарды үйлестіру мақсатымен «жан-жақты жетілген адамның» әлеуметтік-нормативтік моделін, әлеуметтік идеал ретінде цзюнь цзы немесе «парасатты ер» ілімінін негіздеді. Конфуцийдің осы ілімі бойынша адамның адам болуы «өзі үшін» емес, қоғам үшін болып табылады. Ұлы философ адамды оның әлеуметтік қызметін орындауы тұрғысынан алады, ал тәрбиелеуді – адамның өзінің әлеуметтік қызметін тиісті түрде орындауға бағыттау деп түсінеді.

Егер Конфуций адамның әлеуметтік табиғатына көбірек көңіл бөліп, оны ең алдымен әлеуметтік-табиғи құбылыс деп қарастырса, Лао-цзы адамның табиғи жағына көбірек көңіл бөліп, оны табиғи әлеуметтік құбылыс деп қарайды. Сондықтан Лао-цзы өзінің философиясында адам мен ғарыш, адам мен табиғаттың арақатынасының үйлесімді дамуына көбірек көңіл бөлгендіктен, ол үшін «жан-жақты жетілген адам» дегеніміз ғарышпен, табиғатпен өзінің өмірін, болмысын үйлестіру арқылы өмір сүретін адам.

Араб тілдік мұсылман философиясында да осы мәселеге (әл-инсан әл-кәмил) ерекше назар аударған. Бұл мәселе екі қарама-қарсы ағым шеңберінде: рационализм мен иррационализм тұрғысынан қарастырылды. Рационализмді ұстанушы философтардың пікірі бойынша жан-жақты жетілген адам дегеніміз тек қана әдептілік нормалары мен принциптеріне сәйкес келген адам ғана емес, сонымен қатар парасатты, білімді, бүкіл өмір болмысын ақыл-ойға негізделген адам деп есептеді. Олардың пікірі бойынша әдепті адам деп білімді, парасатты адамды айтса, ал білімді адам міндетті түрде әдепті деп танылды. Ал иррационалистік философия бойынша, ол ең алдымен суфизм философиясы, әл-Газали философиясы, онда жан-жақты жетілген адам деп дәстүрлі түрде әдептілік тұрғысынан жетілген

адамды қарастырды. Бірақ олардың осы мәселелер бойынша ерекшелігі, жетілген адамның жоғары көрінісі ретінде - өзіне, өзінің ішкі дүниесіне үңілген, өзінің өмірін Абсолюттік ақиқатты тану арқылы Құдаймен жақындасуға арнаған, тариқат жолына түскен адамды айтады.

Ұлттық қазақ философиясында осы мәселе жалпы Шығыс философиясы шеңберінде қарастырылып, адамды этика, адамгершілік мәселесі тұрғысынан қарай отырып, сонымен қатар білімділікке, парасаттылыққа да ерекше назар аударылып отырылды. «Қазақтың» немесе «түркі тілдес халықтарының Конфуцийі» деген атаққа ие болған Ж. Баласағұн Конфуций сияқты адам мен адам, адам мен мемлекет ара-қатынасы, әсіресе мемлекетті басқару мәселелеріне көбірек көңіл бөлуіне байланысты, жан-жақты жетілген адам мәселесін осы тұрғыдан қарастырады. Әл-Фараби бұл мәселені «идеалдық қоғам», осы «идеалдық қоғамды» басқару тұрғысынан қарастырады. Әл-Фараби бақыт мәселесіне, ең алдымен адамның осы дүниеде бақытты өмір сүруінің жолдарын іздестіруге өзінің философиясын бағыттады. Сонымен қатар, әрбір жеке адамның жетілуінде ақыл-ойдың, парасаттылық пен білімнің рөлін ерекше жоғары бағалады.

Отандық философияда жан-жақты жетілген адам ілімін неғұрлым толық және жоғары дәрежеде дамытқан Абай болып табылады. Абай осы мәселе бойынша Батыс және Шығыс философиясын зерттеу арқылы «толық адам» ілімін өте ауқымды мәселе ретінде қарастырған. Бүгінгі күнге дейін Абай мұрасының толық зерттеліп болмағанына қарамастан, кезінде М. Әуезов белгілеп берген Абай зерттеулерінің тәрбиелік, ұстаздық, ұждан, мораль философиясы, әсіресе адам мен адамгершілік мәселелері – оның рухани мұрасының кең ауқымдылығын, тереңділігін көрсетеді. Абайдың осы ой-толғаулары мен философиялық ізденістерінде адам мәселесі орталық орын алады. Абай адам мәселесін жан-жақты философиялық, биологиялық, психологиялық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қарастырады. Абайдың бүкіл философиясының квинтэссенциясы, негізгі принципі ретінде «Адам бол!» деген ой тұжырымын алуға болады. Абай өзінің бүкіл болмысын, білімі мен өмірлік

тәжірибесін, поэзия мен прозасын, бүкіл ой-толғанысы мен философиясын адам бойында кісілік пен адамгершілікті, білімділік пен парасаттылықты, әділеттілік пен қайратты, елдің қамын, бүкіл адамзат қамын ойлайтын, дүниеге әлем тұрғысынан қарайтын Азамат адамды тәрбиелеуге жұмсады. Абайдың пікірі бойынша адамгершілік нормалары мен принциптерін күнделікті өмір сүру тәсіліне айналдырған адамды ғана нағыз адам деп есептеуге болады, сондықтан: «Адам болам десеңіз, оған қайғы жесеңіз... Бес нәрседен қашық бол. (Бес дұшпан - Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ) Бес нәрсеге асық бол (Бес асыл іс – Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым)». Адам үшін оның өміріне мән беріп тұрған негізгі нәрсе – өз бойындағы адамилықты жоймау, бүкіл өмір бойында адамға лайықты өмір сүру. Осы дүниеге адам болып келгендіктен, осы дүниеден де адам болып кету керек. Адамның адамдық қасиетін өмір сүру барысында жоғалтып алмау бұл да адамның ең алдымен өз алдында, басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі, ол адам тарапынан белгілі бір ерік-жігерді, қайратты қажет етеді.

Абай философиясының негізгі ерекшелігі, ол ең алдымен адам мәселесін философияның негізгі мәселесі ретінде алып қалыптастырады. Абу Хайян ат-Таухиди айтқандай адам адам үшін мәселеге айналды. Бұл, әрине Абай философиясына антропологиялық сипат береді, бірақ Абайдың философиялық антопологиясының өзіндік сипаты бар, ерекше философиялық ілім, жүйе болып табылады. Профессор О.А. Сегізбаев Абайдың антропологиялық философиясын Фейербахтың философиялық жүйесімен салыстыра отырып, екеуінің де философиясының ең басты мәселесі адам болғанымен, арасында ұқсастықпен қатар сапалық айырмашылық бар екендігі туралы ой-тұжырымға келді. Л. Фейербах «Гегель философиясына сын» деген еңбегінде, табиғат асқазанның жай ғана шеберханасын жасап қойған жоқ, сонымен қатар ми сарайын орнатты, ол тіл ғана берген жоқ, дыбыстардың үйлесімділігін есту үшін құлақ, жарық көру үшін көз берді /1/ деп айтса, Абай «Қара сөздердің» 38-сөзінде: Алла «...Адам баласын күрт, құс, өзге хайуанаттар сипатында жаратпай, бұл гүзәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын

жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, ауызына қолы ас бергенде, не ішіп не жегенін білмей қалмасын деп, ісін алып ләззаттанғандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып жауып тұрағанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойы біреуі ұқтыраралық тіліне сөз беріп» /2/ жаратты дейді. Бірақ Фейербах адам табиғи құбылыс болғандықтан, оның адамгершілік, әдептілік сипаты оның табиғи мінімен анықталады деп есептегендіктен оның антропологиялық философиясы адамнан Құдайға өтеді. Ал хакім Абай үшін адамды жаратқан Құдай болғандықтан, адамның бойындағы адамдық табиғатпен емес, Құдайға, Аллаға деген сеніммен, махаббатпен анықталады. Сондықтан Абайдың философиялық антропологиясы Құдайдан адамға өтеді.

Абайдың философиялық антропологиясының келесі өзіндік ерекшелігі дүниежүзілік философияда, әсіресе Шығыс философиясында кең тараған «әмбебап адам», «жан-жақты жетілген адам» ілімінің көптеген нұсқаларының ішінде (герметизм мен гностицизмдегі Антропос, Қаббаладағы Адам Қадмон, маздаизм мен зороастризмдегі Гейомарт, ежелгі Үндідегі діни философиядағы Пуруша, ежелгі қытай философиясындағы шэн жэнь, соның ішіндегі Конфуцийдің әлеуметтік идеал болып табылатын Цзэнь-цзы, араб тілдік мұсылман Шығыс философиясындағы әл-инсан әл-кәмил және ортаазиялық жәуан-мәртілік ілімдер) өзіндік орны бар. Абай адам мен кісі мәселесін жан-жақты, ауқымды қарастыру арқылы, өзінің кісілік философиясы арқылы жан-жақты жетілген «толық адам» тұжырымын негіздеді. «Толық адам» ілімі тұрғысынан Абайдың осы ілімі арқылы оның өзінің қаншама «толық», жан-жақты жетілген адам екендігіне тағы да көзіміз жетеді. Абайдың «толық адам» тұжырымында басқа философиялық жүйелермен сабақтастық, байланыстылық бар екендігін байқауға болады. Мұның өзі оның қаншама жан-жақты білімді, парасатты

философ екендігіне көз жеткізді. Мысалы, ортағасырлық Шығыс мұсылман философиясының ірі өкілдерінің бірі әл-Газалидің пікірі бойынша, Құранда айтылғандай, адам Алланың көшірмесі, оның көмескі бейнесі. Адам да Алла сияқты көреді, естиді... Абайдың пікірінше Аллаға тән негізгі сегіз қасиет бар: тіршілік, ғылым, күш, көру, есту, тілек тілеу, сөз, бар болу. Осы қасиеттер адамға да тән, бірақ олар Алланың бойындағыдай жетілмеген. Егер бұл қасиеттер адамда да жетілген күйінде болса, онда Алла мен адамның арасында айрмашылық болмас еді.

Дәстүрлі қалыптасқан көзқарас бойынша Абайдың дүниетанымдық және философиялық көзқарастарының қалыптасуына халқымыздың бай-мәдени мұрасы, Шығыс мәдениеті, соның ішінде араб, парсы, түрік халықтарының мәдениеті, Батыс және орыс мәдениеттері үлкен әсер етті. Бірақ, сонымен қатар Абай дүниетанымына Қытай философиясының, ең алдымен Конфуций философиясының әсері болды деп айтуға болады. Бұл ең алдымен Абайдың «толық адам» ілімімен Конфуцийдің әлеуметтік идеал болып табылатын цзюнь цзы ілімімен өзара байланыстылығын, сабақтастығын байқауға болады. Конфуций кезінде Шығыс философиясында кең тараған «жан-жақты жетілген адам» ілімі шеңберінде – цзюнь-цзы «парасатты ер» ілімін негіздеді. Оның пікірі бойынша парасатты ер деп білімді, парасатты, адамгершілігі мол, өзінің жеке басының мүддесін қоғамдық мүддеге бағындыра білген, өзі үшін емес ел, халық үшін өмір сүретін, өзінің бар болмысын соған арнаған адамды айтады. Парасатты ерге қойылатын талаптардың жоғарылығы соншама тіпті оған жету, оған сәйкес келу өте қиын. Конфуцийдің пікірі бойынша жоғарғы моральды цзюнь-цзы екі негізгі талапқа сәйкес келуі керек: 1) адамгершілік – жэнь; 2) парыз сезімі. Конфуций адамгершілікті өте кең түсінеді, ол адамдарға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық, ұстамдылық, әділеттілік және т.б., бірақ нағыз цзюнь цзы болу үшін тек қана адамгершілік қасиеттің болуы жеткіліксіз. Ол үшін тағы да бір маңызды қасиет – парыз сезімі (и) болу керек. Парыз сезімі есепке емес, білімге және жоғарғы адамгершілік принциптеріне негізделуі керек. Конфуцийдің айтуы бойынша парыз сезімі білімге талпыну, оқу деген мағынаны да білдіреді.

Сонымен, шын цзюнь-цзы – байлыққа, материалдық пайдаға селкос карап, өз өмірін жоғарғы идеалға, адамдарға қызмет етіп, акикатты, шындықты іздеуге арнайды.

Абайдың пікірінше жәуанмәрт, яғни жан-жақты жетілген толық адамға үш негізгі қасиет: шындық, ізгілік, даналық тән болуы керек. Шындықты Абай әділеттілік, ізгілікті қайырымдылық, мейірімділік деп, ал даналықты ғылымның бір аты деп түсіндіреді. Әділеттілік – жақсылықтың анасы, ар-ұждан да әділеттілікке негізделеді. Ешуақытта әділеттілік сезімдерінді жоғалтпай, жақсылық жасаудан шаршамандар деп үйретеді ұлы ойшыл, себебі әділетсіз иман да, адамгершілік те болуы мүмкін емес. Ғылым мен даналық та адам бойында жақсылық пен адалдық қасиеттердің болуын үйретеді, яғни қайырымдылық қасиеттерін тәрбиелейді. Абай бұл қасиет барлық адамдардың бойында бар деп айтады. Бірақ аз төмен дәрежеде, сондықтан әрбір адамның парызы, яғни толық адам болу үшін осы қасиеттерді жетілдіру қажет және де оларды өз бойынша сақтап, тек қана игі, жақсы істерге жұмсау керек.

Конфуций өзінің философиясында цзюнь-цзымен қатар «сяо-жэнь» («кішкентай адам», «арам, жаман адам» деген мағынада) мәселесіне де көңіл бөлді. Конфуцийдің айтуы бойынша «жақсы адам парыз туралы ойласа, жаман адам өзінің пайдасын ойлайды».

Бұл мәселе Абай философиясында пенде мәселесі арқылы сабақтастық тапты. Абай адам мен пенде мәселесін дүние мен жалған атты қарама-қарсы түсініктер арқылы ашуға тырысты. Егер де дүние – мәңгілік болса, жалған – уақытша, өткінші. Адам – осы дүниенің, мәңгіліктің туындысы болса, пенде – жалғанның, немесе күнделікті тіршіліктің көрінісі. Сондықтан, адам, оның бар болмысы ең алдымен адамгершілік, ізгілік, қайырымдылық, акикат сияқты принциптерге негізделсе, пенде күнделікті күн көріс шеңберінен шыға алмайды. Абайдың пікірінше, тіршілікте ар сақтау да, жан сақтау да бар. Әрине, Абай өзінің адамгершілік философия тұрғысынан ар сақтауды жан сақтаудан жоғары қояды. Адамның адамгершілігі, адамдық қасиетін жоғары ұстануы, оның жан сақтауында емес, арын сақтауында. Абайдың данышпандылығы, ұлылығы, көрегендігі.

оның сол кездегі көтерген мәселелердің бүгінгі күн үшін де өзекті, өзінің маңыздылығын жоймағандығынан да көруге болады. Абайдың философиялық ой-толғаныстары тек оған дейін өмір сүрген Батыс және Шығыс философтарының ойымен сабақтасып қана жатқан жоқ. Сонымен қатар, бүгінгі заманның ірі ойшылдарының философиялық ізденістерінен де байланыстылық, сабақтастылық бар екенін байқауға болады. Мысалы, Абайдың адам заттарды өзіне құл етсе, пенде заттың құлы деген ойы, жалпы пенде туралы ой-толғаныстары Франкфурт мектебінің өкілі Герберт Маркузенің «бірөлшемді адам» идеясымен сабақтасып жатыр. Г. Маркузе өзінің «Бірөлшемді адам» атты еңбегінде индустриалдық қоғамның орнауы сол қоғамның әлеуметтік таптық құрылымының өзгеруіне алып келеді, жаңа, өзгерген жағдайда пролетариат – маңызды әлеуметтік тап болудан қалады, себебі индустриалдық өркениеттің құлы пролетариат емес, тұтынушы болып табылады деген идеяны ұсынады. «Индустриалдық қоғам» дегеніміз Г. Маркузенің пікірі бойынша «тұтынушылар қоғамы», ол қоғамның адамы өзінің революциялық-сыншыл қасиеттерін жоғалтып бір өлшемді адамға айналды. Бір өлшемді адамда тек қана эконмикалық, әлеуметтік, саяси жүріс-тұрыстың белгілі бір типі қалыптасып қоймайды, оның бүкіл психологиясы да өзгереді. Бір өлшемді адамның бүкіл өмір болмысы бір нәрсеге ғана бағытталған – тұтыну.

Абай өзінің көптеген өлеңдері мен «қара сөздерінде» пендеге тән әдепсіздік, әділетсіздік, надандық, арсыздық, пара және пәлеқорлық, мақтаншақтық, менмендік, арамдық және т.б. теріс қасиеттері туралы жиіркенішпен, ренішпен айтса, жан-жақты жетілген толық адамға тән адамгершілік, ізгілік, шыншылдық, білімділік, әдептілік пен әділеттілік, қайраттылық пен төзімділік, имандылық сияқты көптеген қасиеттеріне жан-жақты талдау жасап, адамның өз бойында осы қасиеттерді бар мүмкіндігінше жетілдіру қажеттігін айтады.

Абайтың «толық адам» ілімі – адам, адамдылық, адамгершілік принциптеріне негізделген. Абайдың осы мәселені өзінің терең мағыналы философиялық жүйесінің орталық, өзекті мәселесі ретінде алуы оның өз халқының бойында адамилықты дамыту, тәрбиелеу, адамның өмірінің соңына дейін өзінің адам-

дық қалпын сақтай алуы, бір сөзбен айтқанда «адам болуын» тілеген ой-толғанысының, жүрек қобалжуының нәтижесі деп қарау керек.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Абай. Қара сөз / Абай.- Алматы: Ел, 1993.- 269, [3] б.

**Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесі // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 19-том. – 119 б. / А. С. Қабылова, А. Қ. Ромашевамен бірге.**

**Аль-Фараби и Абай: некоторые методологические проблемы формирования духовного пространства казахов**

Аль-Фараби и Абай – два значимых и знаковых личностей в развитии духовного пространства казахского народа. Каждый из них сыграл огромную роль в формировании и развитии особого менталитета, духовности, особого типа философского мышления. Более того, я думаю необходимо расширить и углубить исследование духовного пространства нашего народа и возможно следует, говоря об особом духовном пространстве казахского народа и проблеме преемственности выделить триаду: Анахарсис-Фараби-Абай. Да, здесь не все так просто, порой сложно выявить эту связующую нить духовного развития народа, так как существуют огромнейшие «былые пятна», в связи с чем, нарушается логика развития, иногда отсутствует диахронность и синхронность развития и возникает масса вопросов.

Допустим, как мог возникнуть в казахской степи такой великий мыслитель как Анаарыс или как мы его называем Анахарсис. Анахарсис – это сакский философ, живший VI-VII веках до нашей эры. В связи с данным историческим фактом Анахарсиса следует отнести к первому периоду развития казахской философии. Но, во-первых, достаточно сложно философию Анахарсиса считать предфилософией, тому множество доказательств, в частности, философскому взгляду Анахарсиса в свое время была дана высокая оценка такими выдающимися философами античности как Платон, Аристотель, Секст Эмперик, Диоген

Лаэртский, например Платон причисляет Анахарсиса к семи мудрецам античности. Произведения Анахарсиса до нас не дошли, но судя по высказываниям его современников он был известным философом; во-вторых, т.к. ко второму периоду относится в целом тюркоязычная философия, а Анахарсис считается представителем тюркоязычной философии, посчитали целесообразным отнести его к данному периоду. Вполне возможно, в будущем, в результате дальнейшего исследования истории казахской философии, многие «белые пятна» исчезнут, пополнятся новыми историческими фактами, в результате чего будут уточняться периоды развития, появятся новые имена.

